

2003 жылғы 19 қыркүйектегі Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің кеден органдары арасында тауарлар мен көлік құралдарын өткізу туралы ақпарат алмасуды ұйымдастыру туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 13 маусымдағы N 545 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2003 жылғы 19 қыркүйектегі Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің кеден органдары арасында тауарлар мен көлік құралдарын өткізу туралы ақпарат алмасуды ұйымдастыру туралы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. 2003 жылғы 19 қыркүйектегі Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің кеден органдары арасында тауарлар мен көлік құралдарын өткізу туралы ақпарат алмасуды ұйымдастыру туралы келісімге қол қойылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министр

Жоба

2003 жылғы 19 қыркүйектегі Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің кеден органдары арасындағы тауарлар мен көлік құралдарын өткізу туралы ақпарат алмасуды ұйымдастыру туралы келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын 2003 жылғы 19 қыркүйектегі Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің үкіметтері

Тараптар мемлекеттерінің кедендік шекаралары арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарын тиімді кедендік бақылауды қамтамасыз етуге ұмтыла отырып,

Тараптар мемлекеттерінің кедендік шекаралары арқылы тауарлар мен көлік құралдарын өткізу рәсімдерін жеделдету мен оңайлатуға, заңсыз өткізудің алдын алуға және Тараптар мемлекеттерінің экономикалық мүдделерін қорғау мақсатында тауарлар мен көлік құралдарын тасымалдаудың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ниет ете отырып,

ақпарат өңдеудің қазіргі заманғы тәсілдерін пайдалану мен ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолдану аясын кеңейтуге осы мақсаттарда шаралар қабылдай отырып,

мына төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар мемлекеттерінің кеден органдары БЭК құруға бағытталған халықаралық шарттарға, Тараптар мемлекеттерінің заңнамаларына және осы Келісімге сәйкес өз

құзыреттерінің шеңберінде кедендік ресімдеу мен кедендік бақылауды жетілдіру, Тараптар мемлекеттерінің кедендік шекаралары арқылы тауарлар мен көлік құралдарын өткізу туралы ақпарат алмасуды ұйымдастыру жөніндегі шараларды қ а б ы л д а й д ы .

Тараптар мемлекеттерінің кеден органдары арасындағы ақпарат алмасу екі жақты және/немесе көп жақты негізде жүзеге асырылуы мүмкін.

2-бап

Тараптар мемлекеттерінің кеден органдары осы Келісімнің негізінде ақпарат алмасуды ұйымдастырудың техникалық жағдайларын әзірлеу басталғанға дейін м ы н а л а р д ы :

а қ п а р а т т ы ң құ р а м ы н ;
ал м а с у ғ а қ а т ы с у ш ы л а р д ы ;
ақпараттық өзара іс-қимыл деңгейлерін;
техникалық іске асыру үшін жауаптыларды;
басқа да мәліметтерді әзірлейді және келіседі.

Тараптар мемлекеттерінің кеден органдары алынған ақпаратты пайдалану жөніндегі іс-қимылдар тәртібін айқындайды.

Тауарлар мен көлік құралдарын өткізу туралы ақпарат алмасуды ұйымдастырудың техникалық жағдайларында :

ақпараттың құрылымы мен форматы;
ақпарат беру тәсілдері;
ақпарат алмасуды ұйымдастыру тәртібі;

Тараптар мемлекеттерінің уәкілетті органдарымен келісілген ақпаратты қорғау жөніндегі талаптар болуы тиіс.

3-бап

Тараптар мемлекеттерінің кеден органдары осы Келісімнің 1 және 2-баптарының ережелерін басшылыққа ала отырып, кеден органдарының іс-қимыл жасау тәртібін айқындау, өзара іс-қимылды жүзеге асыру үшін ақпараттық технологиялар мен бағдарламалық-техникалық шешімдерді қолдану мақсатында ақпарат алмасу жөніндегі эксперименттерді ұйымдастырады және жүзеге асырады.

Тараптар мемлекеттерінің кеден органдары өткізілген эксперименттердің нәтижелерін құжатпен ресімдейді және қажет болған кезде Тараптар мемлекеттерінің заңнамасында көзделген тәртіппен нормативтік құқықтық кесімдерге өзгерістер енгізу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады.

4-бап

Тараптар мемлекеттерінің кедендік шекаралары арқылы тауарлар мен көлік құралдарын өткізу туралы ақпарат алмасуды ұйымдастыру туралы шешім тұрақты негізде құжатпен ресімделеді, бұл ретте міндетті түрде өткізілген эксперименттердің нәтижелері мен алмасудың басталған күні көрсетіледі.

5-бап

Осы Келісімді іске асыру кезінде ақпаратты қорғау Тараптар мемлекеттерінің заңнамаларына сәйкес қамтамасыз етіледі.

Тараптар осы Келісім шеңберіндегі ақпараттық өзара іс-қимылдың нәтижесінде алынған ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етеді.

6-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге және/немесе қолдануға қатысты Тараптар арасындағы даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасында консультациялар мен келіссөздер жүргізу жолымен шешіледі.

Келісімге келмеген жағдайда Тараптардың кез келгені дауды Біртұтас экономикалық кеңістік шеңберінде дауларды шешу жөніндегі органның шешуіне бере алады.

7-бап

Кез келген мемлекет осы Келісімнің қатысушысы бола алады.

Осы Келісімге қосылу шарттары осы Келісімге қатысушы мемлекеттер мен қосылатын мемлекет арасында жасалатын халықаралық шартта анықталады.

8-бап

Осы Келісімге ескертпелерге жол берілмейді.

9-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге хаттамамен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

10-бап

Осы Келісімнің күшіне ену және одан шығу тәртібі Біртұтас экономикалық кеңістік құру жөніндегі халықаралық шарттардың күшіне ену және одан шығу тәртібі туралы х а т т а м а м е н а н ы қ т а л а д ы .

Осы Келісімге сәйкес алынған ақпаратты қорғау жөніндегі міндеттемелер оның қолданылуы тоқтағанына немесе Тараптардың біреуінің одан шығуына қарамастан, к ү ш і н д е қ а л а д ы .

200__ жылғы " __ " _____ қаласында орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды. Түпнұсқа дана Депозитарийде сақталады. Депозитарийдің функциялары Біртұтас экономикалық кеңістіктің Комиссиясына берілгенге дейін Қазақстан Республикасы осы Келісімнің Депозитарийі болып табылады.

Депозитарий осы Келісімге қол қойған Тараптардың әрқайсысына оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

Б е л а р у с ь Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Үкіметі үшін

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

Кабинеті үшін

Р е с е й Ф е д е р а ц и я с ы н ы ң

У к р а и н а М и н и с т р л е р

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК